

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Силлабус

(ККО) 2241 Құқық қорғау органдары

5B030100 - Құқықтану

Күзгі семестр 2016-2017 оқу жылы

Пәннің коды	Пәннің атауы	Тип	Аптадағы сағаттар саны			Кредит саны	ECTS
			Дәріс	Тәжір.	Зерт.		
2241	Құқық қорғау органдары	ЭК	2	1	0	3	5
Пререквизиттер	Мемлекет және құқық теориясы, Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы, әкімшілік құқық, қылмыстық құқық						
Дәріскер	Жәнібеков Ақынқожа Каленович, PhD докторы, қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасының доценті				Офис-сағаттар		Кесте бойынша
e-mail	Zhan_akin@mail.ru						
Телефон	377-33-36 ішкі 12-53				Аудитория		406
Пәннің сипаттамасы	<p>«Құқық қорғау органдары» - құқық қорғау органдарының мәні мен мақсаттары, кеңес заманында және қазіргі уақытта Қазақстандағы құқық қорғау органдарының қалыптасуы, даму кезеңдері туралы, олардың заңи тұрпаты, басқа мемлекеттік органдармен қарым-қатынасы, құқықтары мен міндеттері туралы қажетті білім көлемін беру. Сонымен қатар, сот билігінің, сот қызметінің негізгі бағыттары туралы айтылып, судьяның мемлекеттік биліктің өкілі ретіндегі ерекше қызметіне басты назар аударылады.</p> <p>Студенттерді мемлекет пен қоғамның құқық қорғау функцияларын жүзеге асырушы органдарымен таныстыру; оларға толық сипаттама беру, әсіресе олардың заңнамадағы мәртебелерін, ұйымдасуы мен қызметінің қағидаларын, құзіреттіктері мәселелері заң белгілеген функциялар атқару шектерін, сондай-ақ бұл органда қызмет істеушілердің құқықтық мәртебелерін айқындау; сот әділдігі, прокурорлық қадағалау, қылмыстарды алдын ала тергеу және адвокаттық қызмет жөніндегі республика заңнамаларын толық ашу; құқықтық қорғау органдары туралы қазіргі заңнамалардың кеңес кезіндегі қолданыста болған заңнамалардан ерекшеліктерін көрсету; демократия мен заңдылықтың салтанаттығын нығайту мен құқықтық мемлекетті құруда сот және құқық қорғау органдары туралы заңнамаларды дұрыс қолдануды үйрету; ҚР-сы құқық қорғау органдары мен жетілген шет мемлекеттерінің кейбіреулерінің осындай құқық қорғайтын органдары арасында салыстырма жасау болып табылады.</p>						
Курстың мақсаты	<p>Қазақстан Республикасындағы құқық қорғау органдарының пәні студенттерге сот жүйесін, сот әділдігі принциптерін, сот әділдігінің белгілерін, сот органдары және құқық қорғау органдары қызметінің ерекшеліктерін, ғылыми-тәжірибелік мәселелерін, анализ әдістерін қолдана отырып зерттеуді мақсат етеді.</p> <p>Студенттердің әрбір құқық қорғау органының құқықтық тұрпатын, заңдылық пен құқықтық тәртіпті сақтау, азаматтардың құқықтары мен еркіндіктерін қорғау, қылмысқа қарсы күрес жүргізу функциялары мен оларды іс жүзіне асыру үшін қажетті құқықтары мен міндеттері тұрғыларында қарастыру арқылы құқық қорғау қызметтерінің мақсаттарын белгілей алуға мүмкіндік беретін нақты кәсіптік білімі мен тәжірибелік икемдіктерін қалыптастыру.</p>						
Оқу нәтижелері	- сот билігінің, сот әділдігінің, құқық қорғау органдарының, судьяның, сот әділдігінің демократиялық принциптерінің түсінігін, даму						

	<p>тарихы мен кезеңдерін;</p> <ul style="list-style-type: none"> - судьяның құқықтық мәртебесін, сот органдары мен құқық қорғау органдарының құқықтары мен міндеттерін, судьяларға қойылатын талаптар, судьялыққа кандидаттарға қойылатын талаптар, судьяларға өкілеттік беру тәртібін; - судьялыққа кандидаттардың тағылымдамадан өтудің тәртібін, сот төрағаларының өкілеттіктерін, судьялардың тәуелсіздігін және олардың кепілдіктерін т.с.с. мәліметтерді білуі қажет. - жалпы барлық құқық қорғау органдарының құрылымын, құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне қойылатын талаптарын, құзыреттіліктері мен міндеттерін білу керек. - үкім, шешім, қаулы, шағым, наразылық, апелляциялық, кассациялық шағымды, арыздарды құрастыруға; - азаматтық істер бойынша өкілдікті жүзеге асыруға; - қылмыстық істер бойынша өкілдікті, қорғауды жүзеге асыруға; - жарналарды, шарттарды жасауға, тексеруге икемі болу қажет. <p>жасай білуі тиіс:</p> <ul style="list-style-type: none"> - танымның ғылыми әдістерін пайдалануды; - Осы курсты оқу барысында сабақтардың негізгі нысандары: дәрістер. ЖОО-нда оқудың ерекшелігі – орта білім алу процессіне қарағанда, жоғарғы білім алу процессі – ол дербес өзіндік білім алу. Семинар сабақтарға дайындалу оқу материалын игерудің негізгі нысаны болып табылады. - Сабақтарда студенттің белсенділігі пән бойынша өз білімдерін тереңдетуге, қайнар көздермен дербес жұмысты атқару, дайындалып дәлелді баяндама жасау, дискуссияға қатысып өз пікірлерін негіздеу дағдыларын алуға мүмкіншіліктер береді.
<p>Әдебиеттер мен ресурстар</p>	<p>А) Негізгі</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Бекбергенов Н.А. Правоохранительная система в Республике Казахстан. Учебное пособие. ИКФ. “Фолиант” Астана. 2012 г. 2. Божьев В.П. “Правоохранительные органы РФ”.М., 2011 г. 3. Беленков Р.А. Правоохранительные органы. Москва: Приор – 2010 г. 4. Ибрагимов Х.Ю. “Правоохранительные органы РК”. Учебное пособие, изд. ”Данекер”, 2011 г. 5. Алиев М.М. Суд и правоохранительные органы РК. Учебное пособие. Алматы, 2013 г. 6. Бекбергенов Н.А. Правоохранительная система в Республике Казахстан. Учебное пособие. ИКФ. «Фолиант», Астана, 2014 г. 7. Журсимбаев С.К. Правоохранительные органы РК. Алматы, 2013 г. 8. Ибрагимов Х.Ю. «Правоохранительные органы РК». Учебное пособие, изд.»Данекер», 2012 г. 9. Нарикбаев М.С., Утибаев Г.К., Алиев М.М. Прокурорский надзор в РК. Алматы, 2010 г. 10. Сулейменова Г.Ж. Суд и судебная власть в Республике Казахстан. Алматы. Изд.КазГЮА, 2014 г. 11. Самалдыков М.К. Правоохранительные органы в РК. Алматы, 2006 г. 12. Тыныбеков С.Т. Адвокатура и адвокатская деятельность РК. Учебник. Изд. Данекер, 2011 г. <p>Б) Қосымша</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Альдекеев А.А. История становления и развития органов прокуратуры Казахстан. А.2002

	<p>2. Басков В.И. Прокурорский надзор. Учебник. М., 2000 г</p> <p>3. Бернам Уильям. Суд присяжных заседателей. М., 1996 г., Давид Рене, Камилла Жоффри - Спинози. Основные правовые системы современности. М., 1996 г.</p> <p>4. Кулешова Н. Судебные приставы и судебные исполнители. Кто они. // Вестник МЮ РК, 1996 г.</p> <p>5. Стецовский Ю.И. Судебная власть. М., 2009 г.</p>		
Курстың ұйымдастырылуы	<p>Бұл теоретикалық материалдардың көп мөлшерімен жалпы танысу жүргізілетін курс, сондықтан пәнге дайындық кезінде елеулі рөл оқулық пен тапсырмалар жинағына беріледі. Үй тапсырмаларына теоретикалық және тәжірибиелік тапсырмалар беріледі. Семинар сабақтары мен СӨЖ тапсыруда алдын-ала тақырып бойынша құралған ситуациялық жағдайларды шешу ішінара жүргізіледі. Ол студентке теориялық материалды тәжірибемен ұштастырып, қолданып, танысуға мүмкіндік береді.</p>		
Курстың талаптары	<p>1) Тиісті курсты оқу барысында студенттер барлық дәріске қатысып, алдын-ала берілген семинар сабақтарында жауап беруі керек. Төменде көрсетілген кестеге сәйкес, әрбір аудиториялық сабаққа алдын ала дайындалу керек. Дайындық, тақырып талқыланатын сабаққа дейін аяқталуы тиіс. Дәлелді себептермен семинар сабақтарына қатыспаған студенттер оқытушының рұқсатынан кейін қосымша уақытта қатыспаған сабақтарын қайталап ауызша тапсыруы керек. Тапсырмалардың барлық түрін өткізбеген студенттер емтиханға жіберілмейді</p> <p>2) Пән кестесінде көрсетілгендей үй тапсырмасы бүкіл семестрге бөлінеді. Жұмыстардың барлық түрін көрсетілген мерзімде жасап тапсыру керек. Кезекті тапсырманы орындамаған, немесе 50% - дан кем балл алған студенттер бұл тапсырманы қосымша кесте бойынша қайта жасап, тапсыруына болады.</p> <p>3) Студенттер сабаққа кешікпей келуі керек, дәрәкі-өрескел мінез көрсетпеуі тиіс, сабақ жүріп жатқан кезде ұялы телефондарын сөндірулі болуы керек. Сабақта толерантты болып, яғни өзгенің пікірін сыйлауы міндетті. Қарсылығын әдепті күйде білдіруі қажет.</p> <p>4) Өзінің интеллектісін дербес дамыта білуі және ойлау қабілетін кеңейтуі үшін, шығармашылық қызметке қызығушылығы болуы керек, үздіксіз өзін - өзі жетілдіру қажеттілігі болуы қажет. Рефераттар, презентациялар студенттермен жеке жазбаша түрде орындалып, ауызша қорғалуы керек. Бағалау кезінде студенттердің сабақтағы белсенділігі мен сабаққа қатысуы ескеріледі.</p> <p>Үй жұмысын орындау кезінде келесі ережелер сақталуы тиіс:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Үй жұмысы белгіленген мерзімде аяқталуы тиіс. • Оқып зерттелген нормативтік актілерді, қосымша материалдарды дұрыс қолдана және түсіндіре білулері қажет. • Егер үй жұмысын өзге студентпен бірлесе жасаса, әркім нақты сұрақ бойынша (бір тапсырма) жұмыс істейтін болуы керек. • Егер тапсырма бағдарлама жазуды талап етсе, оны қолмен жазу жеткілікті, компьютерге енгізудің қажеті жоқ. 		
Баға қою саясаты	Жеке жұмыстың сипаттамасы	%	Оқыту нәтижелері
	Семинарлық сабақтар	24%	
Студенттің өзіндік жұмысы	30%		
Аралық бақылау 1+2	6%		
Емтихан+ Midterm	40%		
ИТОГО	100%		
Ваша итоговая оценка будет рассчитываться по формуле			

	<p>Итоговая оценка по дисциплине = $\frac{PK1 + PK2}{2} \cdot 0,6 + 0,1MT + 0,3ИК$</p> <p>Ниже приведены минимальные оценки в процентах:</p> <p>95% - 100%: А 90% - 94%: А- 85% - 89%: В+ 80% - 84%: В 75% - 79%: В- 70% - 74%: С+ 65% - 69%: С 60% - 64%: С- 55% - 59%: D+ 50% - 54%: D- 0% -49%: F</p>
Оқу пәнінің саясаты	<p>Университеттің Академиялық саясатына сәйкес үй тапсырмалары тиісті мерзімдер немесе жобалардың жеңілдететін мән-жайлар жағдайында ұзартылуы мүмкін (мысалы, ауру, шұғыл жағдайлар, апат, күтпеген мән-жайлар және т. б.). Пән үшін студенттің пікірталастарға қатысуы және сабақтардағы жаттығуларда оның жалпы бағасы ескерілетін болады. Сындарлы сұрақтар, тапқырлықпен диалогқа қатысу жақсы қасиет деп танылып, оның жалпы бағасын шығару кезінде ескеріледі. Оқытушы қорытынды баға шығару кезінде әрбір студенттің сабаққа қатысуын ескереді.</p>

Оқу пәнінің кестесі

Апта	Тақырып атауы	Сағат саны	Максималды балл
1	№1 Дәріс. «Қазақстан Республикасындағы құқық қорғау органдары» пәнінің түсінігі, мазмұны және жүйесі (Кіріспе дәріс).	2	0
	№1 Семинар сабағы. «Қазақстан Республикасындағы құқық қорғау органдары» пәнінің түсінігі, мазмұны және жүйесі.	1	6
2	№2 Дәріс. Құқық қорғау қызметінің принциптері. Құқық қорғау қызметіне тұру.	2	0
	№2 Семинар сабағы. Құқық қорғау қызметінің принциптері. Құқық қорғау қызметіне тұру.	1	6
	№ 1 СӨЖ. Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің құқықтық жағдайы. Тұлғалық-бағдарлық.	1	16
3	№3 Дәріс. Қазақстан Республикасының прокуратурасы (Ақпараттық дәріс).	2	0
	№3 Семинар сабағы. Қазақстан Республикасының прокуратурасы.	1	6
4	№4 Дәріс. Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдары.	2	0
	№4 Семинар сабағы. Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдары.	1	6
	№ 2 СӨЖ. Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің арнаулы атақтары немесе сыныптық шендері, біліктілік сыныптары. Тұлғалық-бағдарлық.	1	17
5	№5 Дәріс. Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет органы (Өзекті дәріс).	2	0
	№5 Семинар сабағы. Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет органы.	1	6
6	№6 Дәріс. Қазақстан Республикасының экономикалық тергеу қызметі (Өзекті	2	0

	дәріс)		
	№6 Семинар сабағы. Қазақстан Республикасының экономикалық тергеу қызметі.	1	6
	№3 СӨЖ. Құқық қорғау органдарында лауазымға тағайындау, қызмет бабында ауыстыру және жоғарылату. Тұлғалық-бағдарлық.	1	17
7	№7 Дәріс. Қазақстан Республикасының соттары мен сот жүйесі (Өзекті дәріс)	2	0
	№7 Семинар сабағы. Қазақстан Республикасының соттары мен сот жүйесі.	1	6
	Аралық бақылау 1.		8
	Барлығы		100
	Midterm.exam		100
8	№8 Дәріс. Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік органдары (Ақпараттық дәріс).	2	0
	№8 Семинар сабағы. Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік органдары.	1	5
9	№9 Дәріс. ҚР ПМ-нің қылмыстық-атқару органдарының жүйесі.	2	0
	№9 Семинар сабағы. ҚР ПМ-нің қылмыстық-атқару органдарының жүйесі.	1	5
	№ 4 СӨЖ. Құқық қорғау органдары қызметкерлерін аттестаттау. Тұлғалық-бағдарлық.	1	16
10	№10 Дәріс. Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары (Ақпараттық дәріс).	2	0
	№10 Семинар сабағы. Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары.	1	5
11	№11 Дәріс. Қазақстан Республикасының кеден органдары.	2	0
	№11 Семинар сабағы. Қазақстан Республикасының кеден органдары.	1	5
12	№12 Дәріс. Қазақстан Республикасының адвокатурасы.	2	0
	№12 Семинар сабағы. Қазақстан Республикасының адвокатурасы.	1	5
	№ 5 СӨЖ. Құқық қорғау органының бөлімшелеріндегі қызметтік тәртіп және моральдық-психологиялық ахуал. Тұлғалық-бағдарлық.	1	17
13	№13 Дәріс. Қазақстан Республикасының Әділет органдары. (Өзекті дәріс)	2	0
	№13 Семинар сабағы. Қазақстан Республикасының Әділет органдары.	1	5
14	№14 Дәріс. Қазақстан Республикасындағы нотариат.	2	0
	№14 Семинар сабағы. Қазақстан Республикасындағы нотариат.	1	5
	№ 6 СӨЖ. Құқық қорғау органдары қызметкерлерін әлеуметтік қорғау.	1	17

	Тұлғалық-бағдарлық		
15	№15 Дәріс. Шет елдердің құқық қорғау органдары (Өзекті дәріс)	2	0
	№15 Семинар сабағы. Шет елдердің құқық қорғау органдары.	1	5
	Аралық бақылау 2		10
	Барлығы		100
	АБ 1+ АБ2		200
	Midterm.exam		100
	Емтихан		100

Факультет деканы

Д.Л.Байдельдинов

Әдістемелік кеңес төрағасы

А.А.Урисбаева

Кафедра меңгерушісі

Р.Е.Джансараева

Дәріскер

А.К. Жәнібеков